




Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ тілі білімі кафедрасы
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Пән атауы: “Емле және сөз сазы”

Астана, 2022



2-дәріс тақырыбы: А. Байтұрсынұлы - араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы

Қарастырылатын мәселелер:

А. Байтұрсынұлы әліп-биі




А. Байтұрсынұлы емле туралы




А. Байтұрсынұлының әліпбиге байланысты еңбектері:





"Oqu quraly" 1912 ж



"Баяншы" 1910 ж



"Til-qural" 1914 ж



"Әліп-би" 1924, 1926 ж

"Әліп-би" 1924, 1926 ж

«Мынау жаңа «Әліп-би» бұрыңғысынан қай ретте болса да, аса артық. Бұл «Әліп-бидің мазмұны қазақ жағдайына қарай Мемлекеттік білім кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық»



А. Байтұрсынұлы:

01


1910 ж бастап қазақ жазуын жетілдірумен айналысты.

02


1912 ж "төте жазу" ұсынылды.

03

1915 ж жаңа графикамен қазақ кітаптары шықты.



Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен таңбалайтын әріптер туралы пікірі



1912 жылдан бастап "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінің беттерінде білдіре бастайды.

"Айқаптың" 1912 жылғы 9-10 нөмірлерінде "Шаһзаман мырзаға" атты қазақ дыбыстары білдірмейтін арад таңбалары жайлы мақаласы жарық көрді.

«Сауаттылықтың қажеттігін өтеуші әрекет – жазу, жаза білетін адамның оқи да білетіндігі сөзсіз. Сауаттылықтың негізі жазу екенін сауаттылықтың шыққан жолы да көрсетеді. Сауаттылықты оқу мұқтаждығы тудырмайды, жазу мұқтаждығы тудырған»




150
ЖЫЛ
Ахмет
БАЙТҮРСЫНҰЛЫ

А. Байтұрсынұлы жіктеуі:

Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар

17 дауыссыз



5 дауысты

2 жарты дауысты



Дауысты дыбыстарды таңбалау

1

қазақ жазуы үшін араб алфавитіндегі жуан т, с, з, д, ғ, х дыбыстарының таңбаларын алмау;

2

қазақ тіліндегі ы, і, и, ұ, ү, у дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу;


3

к, г дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін (яғни, қазіргі ә, і, ү дыбыстарымен айтылатынын) білдіру үшін сөздің алдынан дәйекше таңба қою.

«Хәріп - тіл үшін шығарылған нәрсе. Олай болса хәріп жоқ деп тілдегі дыбысты жоғалту керек емес, ол дыбысқа жоқ әріпті іздеп табуға керек. Ол жалғыз бізде ғана болған емес, өзге жұртта да болған, хәріпке бола тілді бұзбайды, тілге бола хәріпті бұзып өзгертеді»




150 Ахмет
ЖЫЛ БАЙТҮРСЫНҮЛЫ



Қазақ тілін таңбалайтын графикаға қойған басты талаптары:

1. Тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?



3. Қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?



5. Үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?



2. Қайсымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?



4. Қайсысы баспаға қолайлы (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы да сонда)?



6. Көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?



А. Байтұрсынұлы емле туралы





Таңба жүйелі емле

Таңба жүйелі емле – тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деумен жасалатын емле жүйесі.

Тарих жүйелі емле

Тарих жүйелі – емле баяғы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де өзгерместен әдеттенген бойынша қолданатын емле.

Туыс жүйелі емле


Туыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле.

Дыбыс жүйелі емле

Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері - Алматы 2013 : "Абзал - Ай", 637 б.
 2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов.- Қазақ ССР "Білім" қоғамы - Алматы 1990, 49 б.
 3. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары - Алматы 2017: "Елтаным баспасы", 396 б.
 4. Таласпаева Ж. Қазақ орфографиясының мәселелері - Петровапвл 2014, 160 б.
 5. Күдеринова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы - Алматы 2013, 242 б.
 6. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы: өткені, бүгiні мен болашағы - Алматы 2017, 165 б.
- 



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

